

"2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №364 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 418 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 мамырда № 7443 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 364 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7103 нөмерімен тіркелген, 2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 230019 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3114 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 226905 мың теңге;

2) шығындар – 230983,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -964,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 964,1 мың теңге."

2-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) әкім аппараттары қызметін қамтамасыз ету шығындарына 1273 мың теңге."

3 тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) абаттандыруға, жарықтандыруға 162723 мың теңге."

жана мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте Майдакөл ауылдық округінің бюджетіне облыстық бюджет қаражаты есебінен төмендегідей ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) абаттандыруға, жарықтандыруға 11723 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының
кезектен тыс LIII сессиясының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ

Қазалы аудандық
мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020
жылғы 18 мамыры № 418 шешіміне
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019
жылғы 26 желтоқсаны № 364 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	230019
1			Салықтық түсімдер	3114
	04		Меншікке салынатын салықтар	3114
		1	Мүлікке салынатын салықтар	33
		3	Жер салығы	212
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2869
4			Трансферттердің түсімдері	226905
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	

	02		органдарынан түсетін трансферттер	226905
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	226905
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	230983,1
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28838
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28838
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28229
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	230
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	379
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3457
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3457
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3457
7			Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	178361

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	178361
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	130750
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	551
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	47060
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19510
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	19510
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19510
12			Көлік және коммуникация	799
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	799
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	799
15			Трансферттер	18,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18,1
		048	Пайдаланылмаған (то л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	18,1

			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-964,1
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(964,1
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	964,1
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	964,1
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	964,1